

М.С. Касенов ¹ , А. Жумабаев ^{2*} , А. Тұрарұлы ² 

¹Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Қазақстан, Атырау қ.

²«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК, Қазақстан, Атырау қ.

*e-mail: tarix212@mail.ru

ҰШҚАН ҚАЛАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР (2021 ЖЫЛҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША)

Мақалада отырықшылық мәдениеттің ескерткіші – ортағасырлық Ұшқан қаласы туралы зерттеулер берілген. Соңғы жылдардағы жиналған деректер арқылы авторлар қала туралы жаңа тұжырымдар береді. Негізі аңыздар мен деректерге талдау жасайды.

Батыс Қазақстан аймағында қала мен елді мекендердің қалыптасуына негізінен тұщы су көздерінің және сауда жолында болуы себеп. Соңғы жылдарда зерттеулер белсенді жүруіне байланысты бұрын мардымсыз зерттелген мекендер тыңғылықты зерттелу үстінде. Солардың бірі – Ұшқан қаласы. Зерттеулер көрсеткендей, Ұшқан ортағасырларда Ұлы Жібек керуен жолы бойында орналасқан алтынордалық кезеңге жататын дамыған қала болған. Транзиттік сауданың арқасында қала жылдам өркендеп өседі. Маңында жер асты тұщы бұлақтары бар қала су тапшылығы бар батыс өлкесі үшін ерекше маңызды болды. Қала саудагерлерге қызмет көрсетіп, маңызды транзиттік орталық ретінде айтарлықтай дамыды.

Қала орнында толыққанды археологиялық қазба жұмысы жүргізілген жоқ. Сондықтан негізінен жазбаша деректер мен этно-археологиялық барлау жұмыстарының есептері пайдаланылды. Келешекте қалада қазба жұмысы жүргізілер болса, ол зерттеулер тың деректер беруі мүмкін. Сонымен бірге қала атауының шығуы туралы әртүрлі жорамалдарға талдау жасалды. Осы және тағы да басқа мәселелер мақалада баяндалады.

Түйін сөздер: Ұшқан, археологиялық зерттеу, қала, отырықшылық мәдениет, Алтын Орда, керуен-сарай.

M.S. Kasenov ¹, A. Zhumabaev ^{2*}, A. Turaruly ²

¹Atyrau University named after H.Dosmukhamedov, Kazakhstan, Atyrau

²RSOE «State Historical and Cultural Museum-Reserve «Saraishyk», Kazakhstan, Atyrau

*e-mail: tarix212@mail.ru

Works in the settlement of Ushkan (according to the results of archaeological exploration in 2021)

The article presents studies of the medieval city of Ushkan, a monument of the culture of settlement. The authors give new conclusions about the city based on data collected in recent years. Basically, it parses legends and data.

The reason for the formation of cities and settlements in the West Kazakhstan region is the presence of mainly desalinated water sources and trade routes. In connection with active research in recent years, previously little-studied places have been carefully studied. One of them is the city of Ushkan. According to research, Ushkan was a developed city located along the Great Silk Road in the Middle Ages. As a result of transit trade, the city is rapidly prospering. The city with underground freshwater springs in the vicinity was of particular importance for the western region with a shortage of water. The city developed, serving merchants.

There were no full-fledged archaeological excavations in the city, so written data and reports of ethno-archaeological research were used. If excavations are carried out in the city in the future, we hope that these studies will provide new data.. At the same time, various assumptions about the origin of the city's name were analyzed. These issues will be outlined in the article.

Key words: Ushkan, archaeological research, city, settled culture, Golden Horde, caravanserai.

М.С. Касенов¹, А. Жумабаев^{2*}, А. Турарулы²

¹Атырауский университет им. Х.Досмухамедова, Казахстан, г. Атырау

²РГКП «Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшык», Казахстан, г. Атырау

*e-mail: tarix212@mail.ru

Работы в городище Ушкан (по итогам археологической разведки 2021 года)

В статье представлены исследования средневекового городища Ушкан, памятника культуры оседлости. На основе сведений, собранных за последние годы, авторы дают новые выводы о памятнике. По сути, он анализирует легенды и данные.

Причиной образования городов и поселений в Западно-Казахстанском регионе в основном является наличие источников пресной воды и торговых путей. В связи с активными исследованиями в последние годы тщательно изучаются ранее малоизученные памятники. Одним из них является городище Ушкан. Согласно исследованиям, Ушкан был развитым городом расположенным вдоль Великого Шелкового пути в средневековье. В результате транзитной торговли город быстро процветает. Город с подземными пресноводными источниками в окрестностях имел особое значение для западного региона с дефицитом воды. Город обслуживал торговцев и значительно развивался как важный транзитный центр.

Полномасштабных археологических раскопок на месте городища не проводилось, поэтому в основном использовались письменные данные и отчеты этно-археологических исследований. Если в будущем на городище будут проводиться раскопки, эти исследования могут дать новые данные. При этом был проведен анализ различных предположений о происхождении названия города. Эти и другие вопросы будут изложены в статье.

Ключевые слова: Ушкан, археологические исследования, город, оседлая культура, Золотая Орда, караван-сарай.

Кіріспе

Ұшқан қаласы Атырау облысындағы Жылыой ауданының орталығы Құлсары қаласынан оңтүстік-шығыс бағытқа 55 км қашықтықта орналасқан. Еуропадан Сарайшық арқылы Хорезмге баратын сауда жолы бойында бой көтерген.

2021 жылдың қазан айында «Сарайшық» музей-қорығының ғылыми қызметкерлері ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің 2021–2023 жылдары жүзеге асыратын «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII–XV ғғ.)» атты ғылыми жобасы аясында ортағасырлық Ұшқан қаласы орнында археологиялық барлау жұмысын жүргізді.

Қазіргі кезде қаланың орталық бөлігі үстінде Ұшқан қорымы орналасқан. Қорымда тас өңдеу арқылы ойып-қашап жасалған құлпытастар, кесенелер, сағанатамдар бар. Ескерткіштің дәл қасынан атқылаған бұлақ суы шөлейт аймақта тіршіліктің нағыз көзі болды. Тұщы бұлақ суын бау-бақша үшін де пайдаланған.

Материалдар мен әдістер

Тақырып аясында жарияланған ғылыми еңбектер сараланып, кейбір тұжырымдар мен қорытындыларды салыстырмалы талдау жұмыстары жүргізілді. Мақала жазуда салыстырмалы-тарихи әдісті пайдалана отырып, мақаланың тұжырымдарын негіздеуге мүмкіндік берген деректер тобының кешені анықталып, жазба деректер мен дәстүрлі ауызша тарих материалдары салыстырмалы түрде талданды. Далалық зерттеулер жалпы қабылданған әдістемеге сәйкес жүргізілді. Жұмыстар алдын ала іс-шаралар-топографиялық жоспарды дрон арқылы түсіру, суретке түсіру, сипаттау, жер бетіндегі материалын жинау арқылы жүзеге асырылды. Қазба жұмыстары шурфтар қазу арқылы жүргізілді. Жұмыс барысында фотосуреттер түсіріліп, алынған материалдар өңделді.

Талқылау

Ұшқан қаласы туралы 1367 жылы ағайынды Пициганилердің жасаған картасында алтынордалық Трестарго (Трестаго) қаласы деп көрсетілген (Брун, 1982:32). Археолог Л.Галкин

өз ғылыми есебінде Ұшқан қаласы мен Трестаргоны бір қала деп есептейді.

1889 жылы Ұшқан туралы М.Н. Чернышев Батыс Қазақстанға Үстірт арқылы «темір жол салу» жобасы экспедициясының құрамында болған кезінде жазып, қорым туралы деректер айтады және фотосуреті сақталған (Жукова Л.И., Левтеева Л.Г., 1974).

XIX ғасырда Ұшқан қаласы туралы А.И. Левшин де жазады. Ол, Ескі Ноғай жолын сипаттағанда Учукан немесе Учканда құландылар, тұщы су көзі бар екенін атап өтеді (Левшин, 1996:109).

Қала туралы 1732 жылғы И.Г. Гербердің жазбалары ерекше мәліметтер береді. Ол: «Мы отправились в путь отсюда утром ... и здесь мы прибыли в старый разрушенный город, где мы увидели не только фундаменты многих домов и большой караван-сарай, но и еще стоящие стены домов и подвалов из обтесанных и обожженных камней.

Посередине находился большой бассейн и еще источник с прекрасной «чистой водой, и мы увидели также большое количество могил на одной стороне города. Я искал среди этих могил, не найдется ли каких-либо надписей, но не мог найти, они были уже испорчены временем таким образом, что нельзя было ничего прочесть, кроме некоторых имен, как эмир Мухаммед, из чего можно сделать вывод, что все эти могилы были мусульманские, и город, должно быть, был заселен такими людьми; среди этих могил была одна, где находился мусульманский святой, находившиеся в караване бухары, хивинцы и другие татары сами называли его Чван – Ата (TschwanAttah) или летающий отец ... У этого места не было другого названия, кроме имени этого основателя, и оно было так и названо – Чван-Ата (TschwanAttah). У этой могилы все, находящиеся при караване мусульмане, выражали их подобоострастие, клали на могилу небольшое количество денег и другие вещи, как жертву, а вечером зажигали много огней. Это должно быть, многого стоило, строить здесь, потому, что здесь, кроме, как у рек Эмба и Яик нигде не найти древесины, чтобы обжигать кирпичи, и обтесанные камни должны были тоже сюда доставляться издалека» деген естеліктер қалдырған (История и культура... 2014:29-30).

В.В. Григорьевтің «Описание Хивинского ханства и дороги туда из Сарайчиковской крепости» еңбегінде де Ұшқан атауы кездеседі. Оның мәлімдеуінше: Бақашы мекені тұсында Ембі

(Жем) өзенінен өтіп, жол аздап Каспий теңізіне қарай, Учукан бұлақтарына қарай жалғасады, Учукан деген сірә, бұрмаланған Ұшқан – «үш бұлақ» сөзі болса керек. Ол жерде жер астынан шыққан ащы және тұщы су көздері бірігіп, теңізге қарай ағып, құмға сіңіп кетеді. Бұлақтардың жанында, көшпелі халықтың айтуынша, Шыңғыс хан әулеттері тастан салдырған ғимараттардың құландылары бар деп жазған екен (Сарайшық – бабалар мұрасы, 2015: 69-70).

А. Чулошников Хиуадан Астраханьқа баратын керуен жолын сипаттағанда да Ұшқан бұлағын атап кетеді. «Ол Хиуа қаласынан басталып, екі күн жол жүріп алдымен Құлабия мекеніне, одан кейін тағы бір күн жүріп Көлпан мекені арқылы, үш апталық жолда Үстірттегі Сам құмындағы құдықтарға жетеді. Ары қарай Ұшқанның үш арнасы (Учукан бұлақтары) арқылы Ембі өзеніне қарай бет алады. Шама-сы, Қанлаузе мекенінің тұсы. Одан әрі Сағыз өзеніндегі осы аттас мекенге барып, ақырында Жайықтың төменгі ағысындағы Яицкий қалашығына жететін болған» (Чулошников, 1969: 68-89).

Ұшқан қаласы туралы Ә.Х. Марғұлан да атап өткен. Ол Ұшқанды керуен-сарайға жатқызады және «Уч–Киян (Учкан)» деп атаған. «XIII-XV ғасырларда Сарайшық пен Үргеніш арасында үлкен керуен жолы болды. Оның бойында пошта бекеттері мен тұрғын үйлері бар керуен-сарайлар бой көтерді. Бұл ғимараттардың құландылары әлі де сақталған. Мәселен, Сағыз өзені бойында және одан шығысқа қарай Қайнарда, Ембі өзені бойындағы Бақашы әулиедегі құландылар, Каспий теңізінің шығыс жағындағы Ұшқанда және т.б. жерлерде.» (Марғұлан, 1950:85-88).

Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының қорында сақталған «Графические работы. План городища Сарайчик, зарисовки керамики ЗКАЭ 1950 (Сарайчик. Караван. Сарай-Ушкон, укрепления на р. Сагиз) (№1-21, 15, 24, 29, 31-49, 56 б/н-2)» ісінің №48 суреті «Фрагменты художественной керамики и зеленого стекла из развалин Караван-сарая Ушкан» және №49 суреті «Керамики из развалин Караван-сарая Ушкан» деп аталады. №49 суретте Ирек сызықты қызыл қыш құмыра бөліктері, ыдыс ернеулері, тұтқалары бейнеленген. №48 суретте сырлы қыш ыдыс сынықтары бейнеленген (Графические работы.... 1950:48-49).

Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының 1950 жылғы барлау жұмыстары туралы «Археологические и этногра-

фические работы Хорезмийской экспедиции 1949–1953 гг» монографиясында «Барлауды жалғастырған экспедиция отряды Ұшқан бұлақтары маңындағы үлкен сорға жетті, онда бірқатар жерлеу құрылыстары бар алтынордалық дәуірге жататын үлкен қорымды зерттеді. Көптеген құлпытастар бір кездері осында салынып, кейіннен бұзылған ғимараттың сәулет фрагменттерінен тұрғызылған, шамасы, ол ғимараттар біз зерттеп жатқан керуен жолындағы керуен-сарайлардың бірі болуы мүмкін» (Толстов; 16) деп мәлімет қалдырған. Экспедиция басшысы П.С.Толстов Ұшқанда керуен-сарай құландысы бар болуы тиіс деп есептеді.

Ұшқан қорымын 1973 жылдары архитектор М.М. Меңдіқұлов зерттеген. Ол, 1987 жылы шыққан «Памятники народного зодчества Западного Казахстана» атты кітабында қорым құлпытастары мен кесенелерінің фотосын жариялап сипаттаған (Меңдіқұлов, 1987:160).

Қала құландысын 1980 жылы зерттеген мәскеулік археолог Л.Л.Галкин «қала қолөнер қаласы емес, «әулиелі» жер болған» деп көрсетеді. Ол қалада қыштың аздығы мен мәдени қабаттың жұқалығын атап өтеді. Ол қаланың жобасын сызып, XIV–XV ғасырларда салынған деп мерзімдеген (Галкин, 1983: 9).

1997 жылы қаланы З. Самашев зерттейді. Ол қала құрылымы мен қорымның фотосуретін түсіріп, ғылыми есебін жазады (Самашев, 1997).

2000 жылдары этнолог С.Е. Әжіғали зерттеген. Ол негізінен Ұшқан қаласы туралы аңыздар мен деректерді саралап, қорымдағы құлпытастар мен кесенелерді талдап, олардың жасалуы мен қойылуы туралы құнды мәліметтер берген. Қалада керуен-сарай мен мешіт болғанын, олардың қирап қалғанын атап өтеді. Қорымдағы құлпытастар XVIII–XX ғасырларда қойылғанын көрсетеді. Құлпытастардың фотосуреттерін жариялады. Ұшқан – Трестарго (Трестаго) қаласы туралы мәліметтерді жариялаған (Ажигали, 2022:654).

Қала атауының шығуы туралы аңыз-әңгімелер де бар. Аңыз бойынша, «көріпкел» ғалым Ұшқан-Ата Мысыр қаласынан туысқандарының кегін алу үшін асығыс келе жатып қаза тапқан жері болғандықтан осылай аталған екен -дейді (Атырау облысының.....2006:28).

Алайда, басқа жорамалдар бойынша қала атауы, суының шипалы қасиеті бар 3 бұлақ «үш аққан» сөзінен шыққан деген де бар. Басқа деректерде «үш қан» атауы XVIII ғасырдағы қалмақ-торғауыттар мен қазақтар арасындағы

қанды қырғын шайқаста аққан «қанға» байланысты қойылған деген де аңыз бар (Первые русские....1963:280).

Нәтижелер

Ескерткіштер құлпытастар, қойтастар, сандықтастар, тілінген тас плиталар мен ірі блоктардан қоршалған шағын сағаналар, сондай-ақ ірі көлемді ескерткіш түрлері: күмбезді мазарлар мен сағанатамдар түрінде жасалған.

Сағанатамдар өзінің ауқымдылығы бойынша күмбезді мазарлармен бірдей болады. Ескерткіштердің сәулеттік-көркемөнер құндылығы әр түрлі. Олардың арасында 94 құлпытас, 3 қойтас, 8 сағанатам мен 1 сандықтас бар. Кесенелер мен басқа да құрылыстарға ортағасырлық қала ғимараттарының қыш кірпіштері пайдаланылған. Осы себептен қаланың бұрынғы кезеңдегі қыш кірпіштен салынған ғимараттарынан түк қалмаған. Қорымдағы құлпытастарды пайда болу ерекшелігі жағынан үш кезеңге бөліп қарауға болады:

1. XVIII ғасырдың ортасынан XIX ғасырға дейінгі, сәндік элементтердің (декор) айқын, анық, көлемділігі;

2. XIX ғасырдың орта шеніндегі, жай рельефті әсемдік элементтер мен эпиграфикасының үйлесімдігі;

3. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы, ескерткіштердің өте үлкен бағана тәріздес болуы.

Қорымдағы соңғы кезеңде жасалған құлпытастар ағайынды тас қашаушы шеберлер Елеусін мен Елболсын Егісінұлдарының қолынан шыққан (Атырау облысы, 2013:96). Құлпытастардағы эпитафия мен салынған ру таңбаларына қарағанда, Ұшқан Ата қорымында адай, кете, шекті, тағы да өзге рулардың өкілдері жерленген (Касенов, 2014: 8). Ұшқан қорымы басында зиярат етушілер үшін барынша жағдайы жасалған түнек үйі салынған. Жергілікті халық қорымда жерленген ата-бабаларына зиярат етіп, бұл жерді әулиелі орын санайды.

Археологиялық барлау жұмысы барысында анықталғаны: қаланың жалпы аумағы 500x300 м, солтүстіктен оңтүстікке созылған, цитадел қаланың солтүстік-батысында орналасқан, көлемі 150x150 м деп есептелді. Ескерткіш мәдени қабатының қалыңдығы 1-0,5 м. Қаланың үстіңгі қабаты кейінгі жерленімдерден, құлпытастар мен сағаналар құрылысынан қатты бүлінген. Кейінгі кезде салынған қабір үсті

белгілері мен кесенелер беткі мәдени қабатты бұзып жіберген. Зираттан шығысқа қарай 300 м-ге дейін созылып жатқан қыш кірпішті ғимараттар құландылары байқалады. Қыш кірпіштер сыртында сыр жағылғандары да бар. Қыш кірпіштердің көлемі 22x22x5 см.

Қала құландысы үстінде ортағасырлық қыш ыдыстар сынықтары мен қыш кірпіштер, мал сүйектері көп кездеседі. Сырлы кірпіш сынықтары табылды, олар ғимараттардың сыртқы келбетін безендіруге қолданылған. Ескерткіштің беткі қабатынан жиналған керамика үлгілері қызыл, сұр балшықты және сырланған кашин қышынан жасалғанын көрсетті, сырлы ыдыс сынықтары арасында қытай селадонының бөліктері де табылды. Қызыл қыш ыдыстар сынықтарынан олардың сыртын ангобпен қаптағаны көрінеді, көбінде тік сызықты, ирек сызықты өрнектер сызылған. Қалыпталған сұр түсті керамика сынықтары Хорезммен байланысты сипаттайды. Сырлы ыдыстарда жасыл, сары, көк түстер басым. Сонымен қатар өте жіңішке жасалған нәзік шыны сынықтары кездеседі. Табылған метал бұйымдардан мыс оймақ, қола айна сынықтары, қорғасын ауыртпалық т.б. бұйымдар фрагменттері бар.

Қала орнынан 1 күміс дирхем мен 20 мыс пұл жиналып алынды. Оларды Ұшқанның алғашқы нумизматикалық материалдары деп есептеуге болады. Нумизмат П.Петровтың анықтауынша, күміс дирхем Мохша қаласында Өзбек хан билігі кезінде, шамамен 1320-30 жылдары соғылған. Мыс пұлдар арасында Өзбек ханның Хорезмде соғылған тиыны, Жәнібек ханның Сарай әл-Жәдидте соғылған тиындары бар. Осы материалдарға қарағанда, қаланың өмір сүрген уақыты алтынордалық кезең деген болжам дұрыс болады.

Қорытынды

2021 жылғы қазан айында Ұшқан қаласы орнына «Сарайшық» музей-қорығы археологтары жүргізген барлау жұмысы нәтижесінде төмендегі жайттар анықталды (Ахметова және т.б. 2021: 165).

- ескерткіште жүргізілген барлау жұмысы қаланың үстіңгі мәдени қабатының соңғы жүздеген жылдарда өте қатты өзгеріске түскенін байқатады. Соңғы кезде қала орнының жаппай зиратқа айналуын және табиғи факторлардан бүліну салдарын көруге болады.

- ескерткіш үсті тегіс емес, оның біраз бөлігін көне және кейінгі уақытта салынған бейіттер алып жатыр.

- солтүстік-шығыс жағында біршама жақсы сақталған «төрткүл» түріндегі қала цитаделінің жобасы анық байқалады.

- «төрткүл» үстіне 2 бақылау қазбасы салынды, одан қыш ыдыс сынықтары мен темір бұйым қалдықтары жиналып, мәдени қабат стратиграфиясы тексерілді.

- ескерткіштің беткі қабатынан алғаш рет Жошы Ұлысының тиындары жиналды, олар күміс және мыстан соғылған нумизматикалық жәдігерлер.

- қаланың шығыс жағында үстіңгі қабаттан жақсы сақталған құрылыс қалдықтары байқалады, бұл зиратқа тиіспей, этикалық нормаларды сақтай отыра археологиялық қазба жұмысын жүргізуге болатынын көрсетеді.

- ескерткіш айналасы толықтай шолып барланды, анықталған бірнеше құрылыс құландыларын толық зерттеу үшін археологиялық қазба жүргізілуі қажет.

- келешекте ескерткіште археологиялық қазба жұмысын жүргізу арқылы, алтынордалық қаланың құрылысы мен топографиясы, этномәдени ерекшеліктері жөнінде жаңа мәліметтер алуға болады.

Ұшқан алғашқы кезде сауда-керуен жолы бойында керуен-сарай қызметін атқарған болуы мүмкін. Оның тұщы сулы бұлақтары керуеншілер үшін тынығатын, күш толықтыратын орынға айналған. Сауда қатынасының артуына байланысты Алтын Орда билеушілері трансконтиненталды керуен жолдарын қалпына келтіріп, империяның экономикасы өркендеген кезде ірі елді мекенге айналған.

Алтын Орда мемлекетінің ыдырау кезеңінде қаланың өсуі баяулап, ақырында халықтың қоныстануы тоқтады. Кейінгі уақытта қала орны киелі мекен саналып, зират орналасады. Ал, Ұшқан Ата жерленген орын мен ол туралы аңыз қала орнының «әулиелі» жерге айналуына барынша ықпал етті. XVII-XX ғасырларда зиратта жүздеген құлпытастар, сағаналар, кесенелер салынған. Жалпы 2000-нан астам жерленім бар.

Ұшқан қаласы орнына жүйелі археологиялық зерттеу әлі күнге дейін жүргізілген емес. Еліміздің ешқандай музейінде ортағасырлық Ұшқан қаласының артефактілерінен тұратын экспозиция орналаспаған.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің 2021-2023 жылғы BR10164208

«Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» жобасы аясында дайындалды.

Әдебиеттер

Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). – Алматы: Научно-издательский центр «Гылым», 2002. – 654 с.

Атырау облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы. Жылыой және Мақат аудандары. Атырау – Алматы, 2013. 96 б.

Атырау облысының топономикалық атауларының анықтамалығы. Атырау, 2006. 28 б.

Ахметова У.Т., Мұқтар Ә.Қ., Кольцов П.М., Касенов М.С., Жунисханов А.С., Имашев Э.Ж., Тұрарұлы А., Жумабаев А.Ж. «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» ғылыми жобаның 2021 ж. арналған жылдық есебі. Ғылыми жетекшісі У.Т. Ахметова. Сарайшық: «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2021. 165 б.

Брун Ф. Перипл Каспийского моря по картам XIV столетия. // Записки Новороссийского Ун-та. Одесса, 1982. Т. 8. С.32.

Галкин Л.Л. Отчет о работе Волго-Уральской экспедиции в Северо-Восточном Прикаспии в 1983 году // Архив ИА КН МОН РК. Без инв №.9 с.

Графические работы. План городища Сарайчик, зарисовки керамики ЗКАЭ 1950 (Сарайчик. Караван. Сарай-Ушкон, укрепления на р. Сагиз) (№1-21, 15, 24, 29, 31-49, 56 б/н-2). Архив ИА КН МОН РК. Д. 207. 126 л.

Жукова Л.И., Левтеева Л.Г. Западный Казахстан глазами путешественника (Дневник М.Н. Чернышевского. 1999.) // ИАН Каз ССР. Сер. Обществ. наук. 1974. №4.

История и культура Атырау в русских источниках (XVIII–XX вв.). Т. 1 / Сост. М.К. Кипиев; научн. ред. Ж. Шалғынбай. Атырау, 2014- 29-30 с.

Касенов М.С. Ұшқан қаласы //X. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. №4 (35), 2014. 7-12 б.

Левшин В.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы, 1996. – 658 с.

Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1950. – 122 с.

Мендикулов М.М. Памятники народного зодчества Западного Казахстана. Алма-Ата, «Өнер» 1987. -160 с.

Первые русские научные исследование Устюрта: Сб. материалов. Москва: Изд-во Акад. наук СССР, 1963. – 326 с.

Самашев З. Отчет о работе Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МН -АН РК на городище Сарайчик в 1997 году по договору с Атырауским областным Управлением культуры. Алматы, 1998 г. – 312 с. Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі қоры.

Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К.Жұмабаева, М.Қ.Кипиев / Ғыл. ред. Ж.К.Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. -224 б.

Толстов П.С. Работы Хорезмийской археолого-этнографической экспедиции АН. СССР в 1949–1953 гг. // Археологические и этнографические работы Хорезмийской экспедиции 1949–1953 гг. Том II. М.: изд-во АН СССР, 1958. С. 7–258

Чулошников А. Торговля Московского государства со Средней Азией в XVI–XVII вв. // Материалы по истории народов СССР. Вып. 3. Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. Ч. 1. Л.: изд-во АН СССР, 1932. С. 62–89.

References

Azhigali S.E. Arhitektura kочevnikov – fenomen istorii i kultury Evrazii (pamiatniki Aralo-Kaspiiskogo regiona) [Architecture of nomads – a phenomenon of the history and culture of Eurasia (monuments of the Aral-Caspian region)]. – Almaty: Nauchno-izdatel'skii centr «Gylym», 2002. – 654 s. [in Russian].

Atyrau oblysy tarih zhane madeniet eskertkishteriniń zhiyntygy. Zhylyoi zhane Makat audandary [Collection of historical and cultural monuments of the Atyrau region. Zhylyoi and Makat districts]. Atyrau – Almaty, 2013. 96 b. [in Kazakh].

Atyrau oblysynyn toponomikalyk ataularynyn anyktamalygy [Directory of toponomic names of Atyrau region]. Atyrau, 2006. 28 b. [in Kazakh].

Akhmetova, U., Mukhtar, A., Koltsov, P., Kasenov, M., Zhuniskhanov, A., Imashev, E., Turaruly, A., Zhumabayev, A. 2021. “Kazakstannyn batys onirindegi altynordalyk kalalar, kone keruen zholdary zhane keruen-saraylar: panaralyk zertteuler (13–15 gg.)” gylymi zhobany 2021 zhylyga arналган zhyldyk esebi [Report of the research project for 2021 «Golden Horde cities, ancient caravan routes and caravanserai in the western region of Kazakhstan: interdisciplinary research (13th–15th centuries)»]. Saraishyk: “Saraishyk” state historical and cultural museum-reserve [in Kazakh].

Brun F. Peripl Kaspiiskogo morja po kartam XIV stoletia [Tour of the Caspian Sea on maps of the 15th century]. // Zapiski Novorossiiskogo Un-ta. Odessa, 1982. T. 8. S.32. [in Russian].

Galkin L.L. Otchet o rabote Volgo-Uralskoi ekspedicii v Severo-Vostochnom Priskaspii v 1983 godu [Report on the work of the Volga-Ural expedition in the North-Eastern Caspian Sea in 1983] // Arhiv IA KN MON RK. Bez inv №.9 s. [in Russian].

Graficheskie raboty. Plan gorodishha Saraichik, zarisovki keramiki ZKAJe 1950 (Saraichik. Karavan. Sarai-Ushkon, ukrepleniya na r. Sagiz) (№1-21, 15, 24, 29, 31-49, 56 b/n-2) [Graphic works. Plan settlement Saraychik, zarisovki keramiki ZKAE 1950 (Saraychik. Caravan. Saray-Ushkon, fortifications on the Sagiz river) (№1-21, 15, 24, 29, 31-49, 56 b/n-2)]. Arhiv IA KN MON RK. D. 207, 126 l. [in Russian].

Zhukova L.I., Levteeva L.G. Zapadnyi Kazahstan glazami putesthestvenika (Dnevnik M.N. Chernyshevskogo. 1999.) [Western Kazakhstan through the eyes traveler (Diary of M.N. Chernyshevsky. 1999.)] // IAN Kaz SSR. Ser. Obshhestv. nauk. 1974. №4. [in Russian].

Istoriia i kultura Atyrau v russkikh istochnikakh XVIII-XX vekov [History and culture of Atyrau in Russian sources of the XVIII-XX centuries.]. Sost. M.K. Kipiev; nauchn. red. Zh. Shalgynbai. Atyrau, 2014- 29-30 s. [in Russian].

Kasenov M.S. Ushkan kalasy [Ushkan city] //H. Dosmuhamedov atyndagy Atyrau memlekettik universitetiń Habarshysy. №4 (35), 2014. 7-12 b. [in Kazakh].

Levshin V.I. Opisanie kirgiz-kazachih, ili kirgiz-kajsackih ord i stepi [Description of the Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-Kaysak hordes and steppes]. Almaty, 1996. – 658 s. [in Russian].

Margulan A.H. Iz istorii gorodov i stroitel'nogo iskusstva drevnego Kazahstana [From the history of cities and the construction art of ancient Kazakhstan]. Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, 1950.- 122 s.[in Russian].

Mendikulov M.M. Pamiatniki narodnogo zodchestva Zapadnogo Kazahstana [Monuments of folk architecture of Western Kazakhstan]. Alma-Ata, «Oner» 1987. -160 s. [in Russian].

Pervye russkie nauchnye issledovanie Ustyurta [The first Russian scientific research of Ustyurt]: Sb. materialov. Moskva: Izd-vo Akad. nauk SSSR, 1963. – 326 s. [in Russian].

Samashev Z. Otchet o rabote Zapadno-Kazahstanskoi arheologicheskoi ekspeditsii IA MN -AN RK na gorodishhe Saraishyk v 1997 godu po dogovoru s Atyrauskim oblastnym Upravleniem kultury. [Report on the work of the West-Kazakhstan archaeological expedition of the IA MN-AN RK on the site of Saraichik in 1997 under an agreement with the Atyrau Regional Department of Culture] Almaty, 1998 g. – 312 s. Atyrau oblystyky tarihi-olketanu muzei kory. [in Russian].

Saraishyk – babalar murasy. Saraishyk kalashygynyn tarihy turaly derekkozder (Saraishyk is an ancestral heritage. Sources on the history of Saraishyk town)/ Kur. Zh.K. Zhumabaeva, M.K. Kipiev / Gyl. red. Zh.K. Zhumabaeva. Atyrau: «Agatai» baspasy, 2015. 224 b. [in Kazakh].

Tolstov P.S. Raboty Horezmiiskoi arheologo-etnograficheskoi ekspeditsii AN. SSSR v 1949–1953 gg. [Works of the Khorezm Archaeological and Ethnographic Expedition of the Academy of Sciences USSR in 1949–1953] // Arheologicheskie i etnograficheskie raboty Horezmiskoi ekspeditsii 1949–1953 gg. Tom II. M.: Izd-vo AN SSSR, 1958. S. 7–258 [in Russian].

Chuloshnikov A. Torgovlya Moskovskogo gosudarstva so Srednej Aziej v XVI–XVII vv. [Trade of the Moscow state with Central Asia in the XVI–XVII centuries.] // Materialy po istorii narodov SSSR. Vyp. 3. Materialy po istorii Uzbekskoi, Tadzhikskoi i Turkmenskoi SSR. Ch. 1. L.: izd-vo AN SSSR, 1932. S. 62–89. [in Russian].